

# Түркілердің мәдени мұрасы




Орындаған: Есімбекова Әдемі



Түркілердің тарихы бізге Х ғасырдың аяғында жазылған парсы географиялық шығармалары арқылы белгілі . Оның ең бастысы – дәлірегі ХІ ғасырдағы Туманский деп аталған қожазба. Бұдан басқа да ертеректе жазылған түпнұсқаларда , ХІ ғасырдың басында Бағдатта Араб тілінде жазылған Махмуд Қашқари еңбегінде түркіт халқының географиялық жағдайы , этнографиясы , мекендегени жағдайы, жерлері, туралы көптеген мәліметтер келтірілген

Түркі мәдениеті - ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан мәдениеттің жалпы атауы. Түркілердің алғашқы ата қонысы Шығыс Тянь-Шань мен Алтай өңірі болған. "Халықтардың ұлы қоныс аударуының" нәтижесінде қазіргі Қазақстан, Орта және Алдыңғы Азия, Шығыс Еуропа территорияларына кең таралып орналасқан. "Түркі" деген термин тұңғыш рет 542 жылы аталады. "Түркі" этонимі алғашқы кезде белгілі бір ақсүйектерден шыққанын білдірген



## «Манас» жыры




Нақтылы қолда бар құжаттарға сүйенсек , қырғыздардың эпикалық поэзиясы – «Манас » жырының ел арасына тарағанына 1995 жылы 1- мың жыл толды. Бұл дастан жеке қырғыздарда ғана емес , бүкі түркі халықтарының әдеби , рухани мұрасы.

'Манас жыры - мазмұн байлығы, көлемі мен көркемдік жыр кестесі жағынан да әлем халықтары әдебиетінің алтын қорынан ойып тұрып орын алатын батырлық эпос. Онда алып Манас батырдың дүниеге келгенінен бастап, бүкіл үрім-бұтағымен жалғасқан батырлық, ерлік дәстүр қосыла жырланады. Эпос аса ауқымды көлем құрайды.

Онда қазақ халқының тарихына қатысты оқиғалар да кеңінен қамтылып отырады, қазақ жырларымен сарындас тұстар да жетерлік. Манасшылар күнді-күнге, айды-айға қосып жырлайтын алып жырдың көркем табиғатына кезінде қазақтың ұлы ғалымдары Ш. Уәлиханов, М. Әуезовтер ерекше көңіл аударып, оның алғашқы зерттеушілері болған.

# Руналық

## жазу.




Руналық жазу (көне сканд. run - көне, құпия) орыс. руническое письмо — 2—3 ғғ. бастап кейінгі орта ғасырларға шейін германдықтар қолданған әліпби. Латын жазуының таралуына байланысты қолданыстан шыққан. Руналық жазудың таңбалары сына тәрізді сүйірленіп, негізінен, металл, тас, ағашқа жазылған. Бұл әліпбидің құрамы, таңбалануы уақыт өткен сайын өзгеріп отырған.

Эпостық сарында исламға дейінгі түркі халықтарының мәдени мұрасы «Оғызнама», оның түп нұсқасы шамамен алғанда Іх- Х ғасырларда жазылған болуы керек. Бірақ біздің уақытымызға дейін сақталмаған болуы керек. «Оғызнаманың» кейінірек шығарылған екі түрлі нұсқасы болды. Бірі – ұйғыр , екіншісі араб алфавитімен жазылған.


Оғыз – түркі халықтарының аты аңызға айналып кеткен батыры , қолбасшысы .

Бізге мәлім материалдардың бәрінде де оғыздың өмірі мен әскери жорықтары , халық игілігі үшін сіңірген еңбектері мен қоғам қайраткері ретіндегі істері әңгімеленеді.





Орхон-Енисей жазбалары – Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдениетімен тарихы тұрғысынан баға жетпес құнды дүние. VII-VIII ғасырларда жазылған, Орхон және Енисей өзен бойларында табылған. Түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі - 732 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға, ал үшіншісі – Тонькөкке арналған ескерткіштер.



Орхон жазбаларында Түрік қағанаты дәуіріндегі елдің білім, дүние танымы, түркі халықтарының тарихы мен тағдыры, қарым-қатынастары, жеңістері мен өкініштері, отаншылдық, ерлік, бірлік, намыс туралы түсінігі, наным-сенімі тәуелсіздік аңсары, осы жолдағы атқарған қызметтері жазылған. Жырларының негізіне түрік руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған.

*Білге қаған жазбаларының көшірмесі*



Орхон жазуының мәдени мұраларының бірі – **Күлтегін ескерткіші**. Биіктігі -3,5 метр, төменгі ені -1,32 метр, жоғарғы жағының ені –1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішкере береді, жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы, қалған қабырғасы бірдей көне түркі жазумен толған. Жырлары түркі ұлтының тарихымен Күлтегіннің батырлығын бейнелейді. Күлтегін ескерткіші Түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы. Ескерткіштің моделінің 2001 жылы 18 мамырда Астанадағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінің бас ғимаратына орналастыруы Қазақ халқының арғы аталары Көне Түріктердің төл жазбаларының қаншалықты құнды мұра екендігін дәлелдей түседі.



# Қорытынды.



Түркі халықтарының ата тегінен қалған нақты рухани  
мұралар үлгісіне Орхон

– Енисей бойынан табылған тасқа ойылып жазылған  
ескеркіштер жатады.

Ескеркіштер ежелгі заман тайпаларының Түркі заман  
тұсындағы тұрмысы

мен, салты мәдениеті мен жаугершілік жортуылдарын  
мәнерлі тілмен өсиет

үлгісінде баяндаған . Рашид әд-Диннің айтуынан  
түркілердің аңшылық өмір адам төзгісіз ауыр болғанын  
аңшылардың алғашқы діни көзқарастарынан аңғаруға  
болады. Ал түркі халықтарының дәстүрлері мен тәлім –  
тәрбиелік мұралары жазба материалдарда толық  
ашылмаған.